

«Қыдыр қонып, құт дарыған
киелі қоныс, мұбарақ
мекен – Алматы! Бүікке самған,
қиырды шарлау, заманнан
қалмай, зымырай заулау – мына
біздерге өзің берген тәрбие, өзің
көрсеткен өнеге, өзің тапсырған
тарихи аманат!».

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТУРИЗМ



АЛМАТЫ –
ТУРИСТЕР ҚАЛАСЫ

8

#QAZAQSTAN30



АЛМАТЫНЫҢ
АЙШЫҚТЫ
НЫСАНДАРЫ

11

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.12.2021

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

29.12.2021

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №157-158 (6134) 28 желтоқсан, сейсенбі, 2021 жыл.

ЗАМАНАУИ МЕГАПОЛИС

Алматы – ел экономикасының басты қозғаушы күші

2021: ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРІ



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР

азаматтардың денсаулығын сақтау және өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін өте маңызды

Алматыға жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов қаладағы аутизм дерті бар балаларды қолдауға арналған жекеменшік «Асыл Мирас» орталығында болып, көпбейінді реабилитациялық орталықтың жұмысымен танысты. Сондай-ақ, жаңадан ашылған онкологияны диагностикалауға арналған ядролық медицина орталығына барды.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ОЙЫННАН ОТ ШЫҚПАСЫН

Алматы қалалық ТЖД ескертеді

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жаңа жылды қарсы алатын түні пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін еске салады.



Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 15 желтоқсаннан бастап республика аумағында әкімшілік полиция, жергілікті полиция қызметі және Алматы ТЖД қызметкерлері жұмылдырылған «Пиротехника» жедел-алдын алу іс-шарасы өтуде. Рейдтік іс-шаралар сертификатталмаған пиротехникалық бұйымдардың жолын кесуге, оның ішінде сол заттарды сатуға рұқсат құжаты жоқ жабайы сауда нүктелерін анықтауға бағытталған.

ТЖ мамандары пиротехниканы жарылыс және өрт шығу қаупі бар нысандардың аумағында, сондай-ақ шатырларда, балкондарда, лоджияларда және ғимараттардың қасбеттерінің шығып тұрған бөліктерінде, тарихи және мәдени ескерткіштер түбінде, базарлар маңында пайдалануға қатаң тыйым салынатынын ескертеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Абайдың Санкт-Петербург қаласында 1909 жылы жарық көрген 120 беттік кітабы қайта қалпына келтірілді.
- Елімізде балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы 2023 жылға дейін ұзартылды.
- Елдегі ЖОО ұлттық және халықаралық, өмірлік, салалық және жаңа деп 4 топқа бөлінетін болды.
- Алматыда онкологияны диагностикалауға арналған ядролық медицина орталығы ашылды.
- Таяу күндері қалада метроның «Сарыарқа» және «Б.Момышұлы» стансалары іске қосылады.
- Алматылық әуесқой саяхатшы Дамир Кушеев қазақтың ұлы ақыны Абайға ескерткіш қойылған әлем елдерін велосипедпен аралап шықпақ.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР

азаматтардың денсаулығын сақтау және өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін өте маңызды

Әсел
ДАҒЖАН

Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан «Асыл Мирас» орталығы Б.Өтемұратов қоры мен қалалық әкімшіліктің Білім және Өлеуметтік әл-ауқат басқармаларымен бірлесіп жасалған жоба. Орталықтағы 20 шақты педагог ата-аналарға дертпен күресудің әдістерін үйретеді. Бүгінде аталған орталыққа келіп жүрген балалар алты түрлі курстан өтеді.

– Орталықты ашудағы мақсат – аутизм дерті бар балалардың ауруын жеңілдетіп, олардың отбасына қолдау көрсету. Біз өз алдымызға Қазақстанға заманауи техника мен емдеу әдісін әкелуді мақсат етіп қойдық. Өйткені, бұл мәселе

Соңы. Басы 1-бетте.

Батыста елу жылдан бері зерттеліп келеді. Неге екені белгісіз, бірақ дүние жүзі бойынша осы дертке шалдыққан балалар саны жылдан-жылға артуда. Халықаралық сарапшылардың айтуынша, елімізде аталған дертке шалдыққан балалар саны 60 мыңнан асады, – деді Б.Өтемұратов қорының директоры Марат Айтмағанбетов.

Қазақстан бойынша аталған қордың осындай 10-нан аса орталығы бар. Оларда 170-тен аса маман жұмыс істейді.

«Асыл Мирас» орталығының жұмысымен танысқан соң Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов «МедИнвестГрупп Қазақстан» компаниясының қолдауымен ашылған Ядролық медицина орталығына барды. Бұл – еліміздегі алғашқы инновациялық медициналық орталық. Оның қызметі онкологиялық ауруларды диагностикалауға бағытталған. Орталықта

медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде барлық қазақстандықтарға тегін және қолжетімді зерттеулер жүргізіледі. Жоғары технологиялық ПЭТ сканері – Biograph Horizon, Siemens позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томография мүмкіндіктерін біріктіреді. Вице-премьер орталықтың мүмкіндіктерімен танысып, ПЭТ/КТ диагностикасы онкологиялық аурулармен күресудің маңызды құралдарының бірі екенін атап өтті.

«Инновациялық зерттеулер пациенттің жағдайы туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл ауруды нақтылау кезеңінде де, емдеу кезеңінде де маңызды. Ең заманауи аппаратурамен жабдықталған медициналық орталықтар Қазақстан азаматтарының денсаулығын сақтау және өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін өте маңызды», – деді Е.Тоғжанов.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

Алматының Индустриалды аймағында 7 жоба іске қосылды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында «Индустриялық аймақ – Алматы» ЖШС директоры Әділ Амралин Индустриялық аймақтың 2021 жылғы қызметінің қорытындылары туралы баяндады.

Спикердің мәліметінше, іске қосылған жеті жобаның жалпы құны 48 миллиард теңгеден асқан. 749 жұмыс орны ашылды. Жақын күндері 65 жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 4,6 млрд. теңгеге «Қаз-Диа-Тест» ЖШС-нің тағы бір жобасы іске қосылады.

Әділ Амралин құрылған әрбір өндіріс туралы егжей-тегжейлі айта келіп, олардың бірқатарына жеке-жеке тоқталды. Мысалы, осы жылдың ақпан айында құны 11,3 млрд. теңгеден асатын мыс және алюминий созба сым шығаратын Еуразиялық металлургия зауыты («КМК Investment» ЖШС) алғашқылардың бірі болып ашылды. Астана күніне орай Алматының Индустриалды аймағында автоклавты газобетон өндіретін екі кәсіпорын – «СК Рахат» ЖШС және «Г.С.Г. Высотник» ЖШС іске қосылды. Қазіргі уақытта екі кәсіпорын Өлеуметтік және коммерциялық тұрғын үйдің ірі құрылыс салушыларын сапалы құрылыс материалдарымен қамтамасыз етеді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Индустриялық аймақта ең ірі өнеркәсіптік нысан – үлкен диаметрлі болат дәнекерленген құбырлар шығаратын «Asia Steel Pipe Corporation» ЖШС зауыты іске қосылды. Кәсіпорынның өнімі мұнай, газ, су, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған және оны тау-кен, құрылыс, химия өнеркәсібінде, энергетикада пайдалануға болады. Сондай-ақ, коррозияға қарсы жабындар өндірісі жолға қойылған. Зауытта 304 тұрақты жұмыс орны құрылды. Жобалық қуаттылығы жылына 100 мың тонна құбыр өнімдерін құрайды.

Жыл соңына дейін Индустриялық аймақта «Қаз-Диа-Тест» ЖШС медициналық диагностикалық тест-жүйелерін шығаратын зауыт ашу жоспарлануда. Компания инфекциялық және онкологиялық ауруларға жетел тесттер жүргізуді, коректік орталардың алғашқы отан-

дық, сериялық өнеркәсіптік өндірісін дамытуды жоспарлап отыр.

2021 жылдың соңына дейін қосымша 3 өнеркәсіптік парк іске қосылады, оның ішінде индустриялық аймақ аумағында «ALAESTATE» ЖШС және «KazStroyTrade» ЖШС және Түркісіб ауданында «CityBus» ЖШС, жалпы инвестиция сомасы 980 млн. теңге, 235 жұмыс орны ашылады. Бүгінгі күні Алматының өнеркәсіптік парктөріндегі өндіріс орындарының жалпы алаңы 17 435 шаршы метрді құрайды, инвестициялардың жалпы сомасы 1,2 млрд. теңге және 424 жұмыс орны құрылды.

Әділ Амралин өткен аптада Алматыда қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен Өңірлік үйлестіру кеңесінің отырысы өткенін атап өтті. Іс-шара қорытындысы бойынша Индустриялық аймақ қатысушыларының тізіліміне 3 жаңа жобаны енгізу қабылданды. Олардың ішінде «Halavet KZ» – желатин өндіретін зауыт құрылысы бойынша, «Green Innovation-2030» – өсімдіктерді микроклоналды көбейтудің жоғары технологиялық зертханасын құру бойынша және «Алматы ауыр машина жасау зауыты» – ауыр машина жасау зауығын салу сияқты жобалар бар.

Биыл Өңірлік үйлестіру кеңесінің 4 отырысы өткізілді. Онда 2,5 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 71 млрд. теңгеге 22 жаңа жобаны қосу туралы шешім қабылданды. Жаңа кәсіпорындар салу үшін биыл жалпы ауданы 58,8 гектар жер телімдері бөлінді. Бұл негізінен, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы кәсіпорындар.

Алматы Индустриялық аймағының қатысушыларына 65 компания кіреді. Олар 8163 жұмыс орнын құрумен 258,4 млрд. теңгеге 67 жобаны іске асырады. Бүгінде 19 жоба іске асырылды, 282,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, 3177 жұмыс орны құрылды.

АИА директоры 2022 жылы жалпы сомасы 7,2 млрд. теңге болатын, 507 жұмыс орны құрылатын 9 жобаны іске қосу жоспарланып отырғанын айтты. Сонымен қатар, қосымша 3 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланып отырғанын тілге тиек етті. Жалпы, 2025 жылға дейін жалпы инвестиция сомасы 130,8 млрд. теңге болатын, 4034 жұмыс орны ашылатын 35 жобаны іске асыру жоспарланған.

Басты бағдарлар белгіленді

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаровтың төрағалығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті.

Онда биылғы жылдың жұмыс қорытындысы шығарылып, келесі жылға жоспарлар белгіленді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі комиссия жұмысын қорытындылағаннан кейін Е.Бабақұмаров бірқатар басты міндеттерді белгіледі.

Қала әкімінің орынбасары Мемлекеттік хатшы Қ.Көшербаевтың

жақында өткен мемкомиссияда берген тапсырмаларының орындалуын ескеруді тапсырды. Бұл әзірленіп жатқан 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына қатысты. Жоспарда баспа, публицистикалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселелерін ескеру қажет. Сонымен қатар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына, тақырыптық көрмелер өткізуге, ТМД қалаларының мұрағаттарына ғылыми экспедициялар ұйымдастыруға назар аудару тапсырылды. Сондай-ақ, архивтермен жұмыс істеу кезінде құқық қорғау және арнайы органдармен қызметті үйлестіру бойынша міндет қойылды. Отырысты қорытындылай келе, Е.Бабақұмаров комиссия мүшелеріне жұмысы үшін ризашылық білдіріп, оларға Алғыс хаттар тапсырды.

ТАҒЗЫМ

Қаламгерге құрмет

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мегаполисте Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қабдеш Жұмаділовтің құрметіне өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды.

Салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, руханиятымыздағы танымал тұлғалар және жұбайы мен балалары қатысты. Жиналған қауым «ескерткіш-тақта – жазушыны еске алатын көрнекі құралдардың бастауы» деген пікір айтты.

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш білім алып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетіне оқуға түсті.

Жазушының әдеби қызметі Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде басталған. 1954 жылы «Шыңжаң газетінде» алғашқы өлеңдері жарық көрді. «Жамал»

атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы «Шұғыла» журналында басылды. Жастық шақта жазылған өлеңдері 1967 жылы «Жас дәурен» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Осыдан кейін жазушы бірінші проза жазуға ойысқан. «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, «Көкейкесті» романы 1969 жылы жарық көрді. Содан бері жазушы қаламынан көптеген әңгіме, хикаяттар, оншақты роман туды. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы көш» (1974–1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған.

Суретті түсірген Сауат ҚҰСМЫНОВ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ

«Вечерний Almaty» газетінің мерейі үстем болды

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда «Жыл адамы» жобасының бас жүлделері – «Алтын Адам» мүсіншесі, «Қоғам ықыласы» және «№1 Жыл таңдауы» құрмет медальдары табыс етілді.

Еліміздің ең айтулы адамдары мен үздік ұйымдарын айқындайтын бұл салтанатты іс-шара 20 жылдан астам уақыттан бері өткізіліп келеді. Міне, бүгін де еңбекқорлығымен, дарынымен, қайсарлығы һәм батылдығымен дараланып, елімізге елеулі еңбек сіңіріп жүрген жандар марапатталды.

Ақпарат айдынында бізбен иық түйістіре қатар келе жатқан «Вечерний Almaty» газеті де арнайы

сыйлыққа ие болды. Қазылар алқасының айтуынша, бұл марапат нағыз иесін тапты. Себебі, алматылық «Вечерка» қала тұрғындарының сан ұрпағының сүйікті газеті болып келеді.

«Біздің газеттің де осындай айтулы марапаттар тізімінен табылуы – біз үшін зор мәртебе, жұмысымызға берілген үлкен баға. «Вечерний Almaty» – оқырмандарымен күнделікті байланыста болатын, алматылықтардың мақсат-тілегінің орындалуы үшін қызмет ететін басылымдардың бірі. Сондықтан қоғам ықыласына бөленуіміздің өзі кездейсоқтық емес. Бұл – бізмізге ортақ марапат», – деді газеттің Бас редакторы Евгений Грюнбергер.

Өріптестерімізге алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз!



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ЕЛГЕ ОРТАҚ ИГІЛІК

Мегаполистегі жол салу жұмысы қарқынды



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Қаланың ықшамаудандарына айналған бұрынғы ауылдардың тұрғындары жолдар мен тротуарлардың жоқтығы туралы бірнеше рет мәселе көтерген еді. Оны шешуді былтыр қолға алдық, орталықтан алшақ жатқан тұрғын аймақтарын инфрақұрылымдық жағынан қайта жаңғырту үшін бюджетті нақтыладдық және қаржы бөлдік.

«Жаңа Алматы» кешенді жоспары қалаға жаңадан қосылған аумақтардағы проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған. Мақсат – өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасау, қала тұрғындарының белсенді демалысы үшін жаңа қоғамдық кеңістік қалыптастыру. Бүгінде қалада мегаполистің барлық кеңістігін қамтитын көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша жобалар іске асырылуда.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев инфрақұрылымдағы келеңсіздіктерді өзі үнемі назарда ұстап, хабардар болып отыру үшін қала шетіндегі тұрғындармен жиі кездесіп жүрді. Осы орайда, өткен жылдары жинақталған проблемаларды шешу үшін «Жаңа Алматыны» дамытудың кешенді жоспары әзірленді. Қала әкімінің бастамасын 2019 жылдың қазан айында ел Президенті қолдап, мегаполисті «шетсіз қала» қағидатына сәйкес дамытуды тапсырды.

«Жаңа Алматы» ДКЖ аясында 428 жоба жүзеге асырылуда. Оның 69-ы 2020 жылы іске асырылған. Ағымдағы жылы 286 жоба іске асырылу сатысында тағы 73 жоба келесі жылдары іске асырылатын болады.

Жалпы, биыл қалаға кейін қосылған «Өжет», «Шаңырақ-5», «Самғау», «Нұршашқан», «Құрамыс», «Әлмерек», «Қайрат», «Алғабас» сияқты 8 шағынауданда 274 көше жөнделді.

Биыл Алматының 274 көшесі, яғни 65 шақырым болатын ескі жолдары жөнделіп, жаңадан асфальт төселді. Бұл жұмыстар, әсіресе, «Жаңа Алматыда» қарқын алып, Алатау, Түркісіб, Наурызбай ауданындағы 8 елдімекенде жүзеге асқан. Бұдан бөлек, қаланың 205 көшесіне орташа жөндеу жүргізілген.



Қалада Абай даңғылын, Саин мен Әуезов көшесін ұзарту жұмысы жалғасып жатыр. Үш көлік жолауының біреуі, яғни Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысындағы көпір Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай толық қолданысқа берілді.

Ал Құлжа тасжолы мен Бұқтырма көшесінде салынып жатқан эстакаданың бір бөлігінде екіжақты көлік қозғалысы ашылған. Сондай-ақ, Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінде тағы бір жолаулық салынуда.



Биыл Алматының 274 көшесі, яғни 65 шақырым болатын ескі жолдары жөнделіп, жаңадан асфальт төселді.



• Ұзындығы 65 шақырымға жуық жол салынды. Жыл соңына дейін тағы 415 көшеге 108 шақырым асфальт төселмек.

• Мегаполистегі жаңа жолдар мен жөнделген көшелердің жалпы ұзындығы 300 шақырымнан асады.



Веложолдардың жалпы ұзындығы 77,9 шақырым, 2021 жылы 7 шақырым жол салынды.

Ұзындығы 32,5 шақырымды құрайтын жаяу жүргінші жолы және 80 аялдамаға қайта жаңарту жұмысы жүргізілді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСЫБЫНОВ.



«Думан» шағынауданының жол ұзындығы – 30,5 шақырым, 59 көшеге асфальт жабынын төсеу жұмысы аяқталды.


Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



«ЖАҢА АЛМАТЫ»



КЕШЕНДІ ЖОСПАР

Басты мақсат – қала тұрғындары үшін өмір сүруге қолайлы жағдай жасау

■ Алматының оңтүстік аймағында электр энергиясының тапшылығын жою үшін «Алмагүл» қосалқы станциясы салынууда. Қуат өсімі шамамен, 100 МВт құрайды. Сондай-ақ, қуаттылық өсімі – 64 МВт болатын «Каскад» қосалқы станциясының құрылысы аяқталуда. Осы жобаларды іске асыру оңтүстік аймақтың 450 мыңға жуық тұрғынын электрмен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

■ Қалаға қосылған Алатау, Наурызбай және Түрксіб аудандарының аумақтарында 2021 жылы электр желілерін реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Бұл 30 мыңнан астам тұтынушыны сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.



■ Алматы әкімдігі аула аумақтарын жарықтандыру бойынша ЖСК әзірледі. Жобада 486 аулада сыртқы жарықтандыру желілерін орнату жоспарланған.



■ Кешенді жоспар аяқталғаннан кейін Алматы тұрғындарының негізгі базалық қажеттіліктері шешілетін болады, олар орталықтандырылған сумен жабдықтаумен және су бұрумен, үздіксіз энергиямен және газбен жабдықтаумен толық қамтамасыз етіледі.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Алматы бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Әр даму кезеңі өзіндік көрсеткіштерімен ерекшеленген мегаполистің сол уақыттан бері дамуы артпаса, кеміген жоқ.

Бүгінде шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында даму үстінде. Бағдарламаның басты мақсаты – өткен жылдардағы қордаланған мәселелерді шеше отырып, қала тұрғындары үшін өмір сүруге қолайлы жағдай жасау.

Байқасаңыз, бүгінгі мегаполистің көрінісі әлдеқайда өзгеріп, орталық тіпті гүлдене түсті. Қала дерлік қайта жаңғыртылды десек те болады. Әсіресе, тарихи маңызы бар ғимараттар келбетін сақтай отырып, өзгеше кейіпке енді. Қала көшелері тақтайдай түзу жолдарымен, түнгі қаланы самаладай жарық ететін жарық шамдармен көмкерілді. Қаланың барлық аудандары тұрғындарға жайлы қоғамдық кеңістіктермен толықты. Осылайша жүйелі жүргізілген абаттандыру жұмыстарының нәтижесі «Жаңа Алматының» көркін аша түсті.

Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, пандемияға қарамастан, қалаға қосылған аумақтардағы шағынаудандардың инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыру жүйелі түрде шешілуде. Ағымдағы жылы «Жаңа Алматы» қала шетіндегі проблемаларды шешуге ғана емес, экономикалық өсуге де жұмыс істеуде. Жалпы, жоспар аясында ағымдағы жылы 286 жоба іске асырылу үстінде, 73 жоба алда қолға алынады. Биыл 24 шағынауданда 92 шақырым су құбыры және 77 шақырым кәріз желілері тартылып, 36,5 мың үйді

Алтай САТЫБАЛДИЕВ,
ҚР Құрметті сәулетшісі:

– Алматы – Қазақстанда ғана емес, посткеңестік кеңістікте де көшбасшы болып қала береді. Тәуелсіздік алғалы бері мегаполис аумағы 19-дан 70 мың гектарға дейін үш есе өсті. Халық саны екі есе артты. Осы уақыт ішінде мың шақырымға жуық жаңа көшелер пайда болды. Инфрақұрылымдық желілердің саны өсті. Қоғамдық көлік жүйесі іс жүзінде қайта құрылды, метро салынды.

Алмагүл НҰРАХМЕТҚЫЗЫ,
«Шаңырақ» ықшамауданының тұрғыны:

– Шаһар басшысына ризамыз. «Жаңа Алматы» аясында көп мәселеміз шешімін тауып жатыр. Көшемізге тақтайдай түзу жол салынды, түнде далаға шықсаңыз, самаладай жап-жарық, суымыз да бар. Балаларымыз үшін тегін үйірмелер ашылып жатыр. Мұның барлығы қарапайым тұрғындар үшін кезек күттірмейтін мәселелер ғой. Тұрмысымыз да жыл өткен сайын жақсарып келеді. «Жаңа Алматы» әлі де дамиды. Көңілімізден шығып жатыр. Алдағы уақытта шеткі аудандарда қаланың дәл орталығындағыдай қызмет сапасы артып, жайлы өмір сүруге қолайлы орта қалыптасатынына сеніміміз мол.

Қала шетіндегі көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша 286 жоба

Тұрғындардың
98,5%-ы
орталық
сумен
қамтамасыз
етілген.2025 жыл-
дың аяғына
дейін
тұрғындар
100%
ауызсумен
қамтама-
сыз етіледі.Үйлердің
99,2%-ы
газбен
жабдық-
талған.Қарғалы өзенінде су
жинақтау ғимараты
салынады.Ақсай өзенінде және
«Ерменсай» шағынауданында су
жинақтау ғимаратының құры-
лысы басталады.



ТҰРҒЫН ҮЙ

«ҮЙІ БАРДЫҢ КҮЙІ БАР»

Шаһарда баспана мәселесі оңтайлы шешімін табуда

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев «Алматы–2050» стратегиясында белгіленген «шетсіз қала» қағидатын ұстана отырып, тұрғын үй шаршы метрлерін заманауи мектептермен, балабақшалармен және денсаулық сақтау объектілерімен бірге енгізу міндетін алға қойған болатын. Бүгінде дәл осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биылғы 11 айда коммерциялық құрылыс есебінен 13 322 пәтер және бюджет есебінен 1326 пәтер пайдалануға берілген. Сонымен қатар, 10 мың шаршы метрден астам жатақхана және 2313 жеке тұрғын үй салынды. Жаңа тұрғын үйлер, негізінен, қалаға қосылған аумақтарда бой көтергені «Жаңа Алматының» дамуына ықпал етуде. Бүгінде «Алматы жастары», «Шаңырақ» бағдарламалары өз

жемісін беруде. Одан басқа да тиімді әрі баспана алуға қолайлы бағдарламалар жүзеге асып келеді. 29 жасқа дейінгі жастардың «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қолжетімді бағамен жалға берілетін пәтерлерді алу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, өткен жылдан бастап «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша жылына жеңілдетілген несиелер беріледі. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Шаңырақ» пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл биыл 800-ден астам алматылықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Қала күні қарсаңында мегаполистің 2 миллионыншы тұрғынына Наурызбай ауданындағы «Алма Сити-5» тұрғын үй кешеніндегі үш бөлмелі жаңа пәтердің кілтін тапсырды. Алматының екі миллионыншы тұрғыны – 2021 жылы 21 маусымда дүниеге келген Аяла Жамбыл.



- Бүгінде Алматыда тұрғын үй құрылысының көлемі екі есеге артқан. Мәселен, 2014 жылы жаңа ғимараттардың көлемі шамамен 1330,8 мың м² құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 2401 мың метрге дейін өскен.

Биыл Алматыда 4 мыңға жуық отбасы «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «Алматы жастары» сияқты бағдарламалар аясында жаңа пәтерге қол жеткізді. Үйлі болғандардың дені көпбалалы, толық емес отбасылар мен үй кезегінде тұрған азаматтар.

КЕРЕК ДЕРЕК

- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 211 отбасы пәтер кілтін алды.
- 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар да жаңа қонысын тойлады. Осы санаттағы алматылықтарға барлығы 1050 пәтер бөлінді.
- Қалалық «Алматы жастары» жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша 926 несие берілді.
- Көпбалалы отбасыларға сатып алу құқығынсыз 267 жалдамалы пәтер бөлінді.
- Жалпы, биыл кезекте тұрған 5394 адамның пәтер алатынын, оның ішінде «Бақытты отбасы» республикалық бағдарламасы аясында көпбалалы, толық емес және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін 1013 кредиттік заем, «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша кезекте тұрғандардың барлық санаттары үшін 2146 кредиттік қарыз беріледі.

	2021 жылы: 2,6 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріледі. 3,9 мың пәтер мемлекеттік бюджет есебінен.
	2021 жылы барлығы 3516 отбасы қамтамасыз етілді: «Шаңырақ» – 2114. «Алматы жастары» – 910. «Бақытты отбасы» – 431. - Тұрғын үй қоры – 61.

КЕРЕК ДЕРЕК

2021 жылдың 11 айында коммерциялық құрылыс есебінен 13 322 пәтер және бюджет есебінен 1326 пәтер пайдалануға берілді.

Анықтама үшін: қазіргі уақытта салынып жатқан нысандар саны – 732 (бюджеттік – 265, коммерциялық – 467). Құрылыс нысандарында 326 құрылыс компаниясы, 117 техникалық қадағалау ұйымы жұмыс істейді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҚСARTY

- 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасын іске асыру аясында 75 тұрғын үйде жөндеу жұмыстары аяқталды (осы жылға 130-ы жоспарланған), 25 тұрғын үй жұмыс істеуде.
- 142 үйде 316 лифт ауыстыру аяқталды (осы жылы 152 үйде 334 лифт ауыстыру жоспарланған). 2021 жылдың басынан бастап мемлекет мұқтажы үшін 10,3 млрд. теңге сомасына 195 жер учаскесі сатып алынды.



ОРТА БІЛІМ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

Шаһардағы халық саны артқан сайын мектепке деген сұраныс та арта түсуде. Жаңа мектептер құрылысы орын тапшылығы ең өзекті деген ықшамаудандарында бой көтеруде. Осылайша Алатау ауданында жаңадан 5 мектеп бой көтерді. Оның ішінде «Саялы» ықшамауданында – 1800 орынды, «Дарханда» – 1500 орынды, «Мәдениетте» – 1500 орынды, «Томирис» – 1500 орынды, «Нұркентте» – 1500 орынды мектеп бар. Наурызбай ауданының «Қалқаман» ықшамауданында – 1500 орынды, «Қалқаман-2» ықшамауданында – 1800 орынды, Түркісіб ауданының «Қайрат» ықшамауданында 1500 орынды мектеп ашылып, орын тапшылығын едәуір азайтты.

«Қалқаман-2», «Томирис» және «Саялы» ықшамаудандарындағы үш мектеп осы жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сондай-ақ, биыл қаламыздағы №81, 40, 45, 54 мектептерге сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілді.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ.
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ КЕҢЕЙТУ

Мемлекеттік мектептердің 80%-да инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалды.



Ерекше қажеттіліктері бар 4000-нан астам бала қаланың білім беру ұйымдарында білім алуда.



Жан басына қаржыландыру арқылы балаларды тегін спорт секцияларымен (40 мың бала) қамтамасыз етуге 1,5 млрд. теңге бағытталды.



36 шығармашылық үйірмеге 15 000 бала барады.



Ләззат
ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Алматы қалалық
Білім
басқармасының
басшысы:



– Еліміздің экономикасының жақсаруы білім саласына да өзіндік оң әсерін тигізіп жатыр. Қала мектептеріндегі оқушылар саны да арта түсуде. Мәселен, биылғы оқу жылында қала мектептеріндегі оқушылар саны өткен жылмен салыстырғанда, 12 мыңнан астам оқушыға артып отыр. Биылғы жылы тек 1-сыныпқа 30 751 оқушы қабылданды. Дәл қазір Алматыдағы орта білім мекемелеріндегі оқушылар саны 300 мыңнан асып кетті.

Аягүл
МИРАЗОВА,
Қазақстанның
Еңбек Ері:



– Ең алдымен, көпшіліктің көзайымы болып, «Әліппе» мен «Букварь» ортамызға оралды. Білім жүйесіндегі олқылықтардың орнын толтыруға баса назар аударылып, оқушылардың оқу жүктемесі азайды. Бүгінгі күнгі ең өзекті мәселе инклюзивті орта мәдениеті қалыптасатын болды. «Оқу мектебі», «дебаттар», «өзін-өзі басқару күні», «мектеп театры» жобаларын іске асыру әрі қарай да жалғасады.

БАЛАБАҚША

КЕЗЕК САНЫ
ҚЫСҚАРУДА

Шаһар әкімшілігі кезінде жалға берілген ғимараттарды қайтарудың қалалық бағдарламасын жасаған болатын. Осы бағдарлама негізінде көптеген ғимарат бүлдіршіндер игілігіне берілді.

Тәуелсіздік жылдарында Алматыда 300-ге жуық мектепке дейінгі мекеме ашылды. Биыл қала көлемінде 360 орынды мемлекеттік 3 балабақша құрылысы аяқталды. Дәл қазіргі уақытта шаһардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы балақайлардың 64,2 пайызы, 3 жас пен 6 жастағы бүлдіршіндердің 90,6 пайызы мектепке дейінгі тәрбиемен толық қамтылған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қала бойынша 1 жас пен 6 жасқа дейінгі 41 мыңнан астам бала әлі де өз кезегін күтіп тұр. Қала басшылығы осы мәселені шешудің бірнеше тетігін қарастырды. Мәселен, ағымдағы жылы 4658 орынды 72 жекеменшік мектепке дейінгі мекемесі ашылып, 67 жекеменшік балабақшаға мемлекеттік тапсырыспен 4378 бала орналастырылды. Тәуелсіздік мерекесіне тарту ретінде «Ақсай-4» ықшамауданында 315 орынды балабақша ашылды.



Әлия ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,
Алматы қалалық Білім
басқармасының мектепке дейінгі
білім бөлімінің бас маманы:

– Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері Алматы қаласында мектепке дейінгі 61 мемлекеттік мекеме ашылған еді. Осы балабақшаларға қаламыздың 10146 бүлдіршіні орналасып, кезек санын қысқартты. Бұдан өзге де жүздеген жекеменшік балабақша ашылды. Бүгінгі таңда қаламызда 859 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Дәл қазіргі мәлімет бойынша, 189 мемлекеттік балабақшада 38 760 бала, 670 жекеменшік балабақшада 32 778 бала бар.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ



859 мектепке дейінгі білім беру ұйымы.



19 мың бала
(6 жасқа дейін) балабақша кезегінде тұр.



500-ден астам жекеменшік балабақшада 30 мың орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған.



2021 жылы:

360 орынға арналған 3 мемлекеттік балабақша құрылысы аяқталды.



4,7 мың орынға арналған 72 жекеменшік балабақша ашылды.

Түркісіб ауданында 280 орынға арналған 1 балабақшаның құрылысы жалғасуда.

3 жасқа 6 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі тәрбиемен 91% қамтылады.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

Алматы халқының жартысынан көбін жастар құрайды. Оңтүстік астананың басты ерекшелігінің бірі – еліміздегі ең байырғы оқу орындарының дені осында орналасқан.

ӘЛЕМДІК БӘСЕКЕГЕ
ЛАЙЫҚТЫ

Бұдан өзге, биыл мегаполистің Бостандық ауданында De Montfort Kazakhstan университетінің кампусы салынды. Медеу ауданында да университет құрылысы жос-

парлануда. Орта білім мекемелерінің қатары «High Tech Academy» және Халықаралық инновациялық мектеп жобасымен толықты.

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ



291 мектеп.
207 мемлекеттік.
84 жекеменшік.



2021 жылы:
12,6 мың орынды
8 мектептің
құрылысы.



8,2 мың жаңа орынды.
17 мектептің
жапсаржайының
құрылысы
жүргізілуде.



16 мыңнан астам жаңа оқушы орны құрылады, бұл тапшылықты 47%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.



2,6 мың орынды 13 жекеменшік мектеп ашылды.



De Montfort университетінің филиалы ашылды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

«ЕҢБЕК ТҮБІ – БЕРЕКЕ»

Шаһарда 55 мың жаңа жұмыс орны ашылды

Мегполисте жыл басынан бері 55 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды құрайды. Үшінші тоқсанда орташа айлық жалақы 20%-ға өсіп, 283,7 мың теңгені құрады.

Жастарды қолдау және олардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша бүгінде 1,4 мың жас жұмысқа орналастырылған. Сонымен қатар, «Еңбек» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыру іс-шараларымен 38,3 мың адам жұмыспен қамтылды. Оның ішінде тұрақты жұмысқа – 25 759, уақытша жұмыс орындарына 10 670 адам (қоғамдық жұмыстарға – 7986, жастар практикасына – 1491, әлеуметтік жұмыс орындарына – 1193) жұмысқа орналастырылды.

Мемлекетке алақан жайып отыра беруді, масылдықты ар көретін, өз бетімше кәсіп етіп, жағдайымды жақсартамын деген жандарға да Үкімет тарапынан қолдау бар. Биыл жеке бизнесін ашуды ниет еткендер арасында 1293 адамға гранттар, ал 113 адамға микрокредиттер берілген.

Жұмысқа тұрайын десе дипломы жоқ жандардың мәселесін шешу тетіктері де қарастырылған. Мәселен, биыл осы күнге дейін 1031 адам қысқа мерзімді оқуға жіберілген. Жұмысқа орналасқандардың 17,1 мыңы әлеуметтік осал топтарға жатады. Олардың ішінде аз қамтылған – 255 адам, 29 жасқа дейінгі жастар – 15 159, мүгедек жандар – 1602, балалар үйінің тәрбиеленушілері – 13, қандастар – 5, пробация есебінде тұрғандар – 27, ал ұйымның таратылуына байланысты босатылғандар – 46 адам.

Сондай-ақ, 15,8 мың жас жұмыспен қамтылу үшін мемлекеттік көмек иеленді. Нақтырақ айтсақ, алғашқы жұмыс тәжірибесін жинау үшін жастарды қолдау мақсатында ағымдағы жылы «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша төлемді жергілікті бюджеттен 25 АЕК-тен 35 АЕК-ке дейін немесе 102 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша қажетті еңбек дағдыларын үйренуі және тұңғыш жаңа жұмыс орнына бейімделуі үшін 217 адам жұмысқа орналастырылды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жыл басынан бері Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығы ENBEK.KZ электрондық еңбек биржасы арқылы 30 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетті.

Порталда барлығы 49 мыңнан астам жұмыс беруші тіркелген. Жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде – 15 474, жұмыссыздар ретінде 15 074 адам тіркелді, ал 3553 адам жұмысқа тұруға жолдама алды.

Осы жаңа цифрлық форматтың нәтижесінде азаматтар жұмыссыз ретінде тіркеліп, жұмысынан айырылғанына байланысты әлеуметтік төлемдерді де рәсімдей алады.

МАМАН ПІКІРІ

Назерке РЫСҚҰЛБЕК, жас маман:

НИЕТ БОЛСА, ЖҰМЫС БАР

2019 жылы университет бітірдім. Алғашқы 5-6 ай демалып, жұмыс іздей бастадым. Шыны керек, бірден табу қиынға тиді. Қай мекеме де жұмыс өтілі бар маманды алғысы келеді. Мен университетті енді ғана бітірген соң еңбек тәжірибем болған жоқ. Кейін қалалық Жұмыспен қамту орталығы жайлы естіп, сонда бардым. Айым оңынан туып, қазіргі жұмысқа орналастым. Жұмысым, ұжымым ұнайды. Ең бастысы, жас маман ретінде аға буыннан тәжірибе жинап, үлкен көшке ілесіп кететініме сенімдімін.

Тимур МӘУЛЕШОВ, кәсіпкер:

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ ЗОР

Қалалық Жұмыспен қамту орталығымен екі жарым жылдан бері тығыз байланыс орнатқанбыз. Мемлекет ұсынған бағдарламалар арқылы маманды жұмысқа алу өте тиімді. Себебі, әр қызметкерге мемлекеттен арнайы субсидия бөлінеді. Бұл қолдау кәсіпкерлік нысанның еңбекақы шығынын едәуір азайтады. Иә, Жұмыспен қамту орталығы бізге көп көмек көрсетті. Ең алғаш 2019 жылы бізге «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы шеңберінде 10 орын берген болатын. Біз осы мамандықтарды толықтай игердік. Қызметкерлер енді ғана университет тәмамдаған жастар еді. Оларды бірден үлкен компанияға жұмысқа алмайтыны белгілі. Сондықтан әлеуметтік қолдау қажет. Осы орайда, жас кәсіпкерлерге субсидиялау арқылы қолдау көрсеткені үшін мемлекетке алғыс білдіргім келеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әлеуметтің ішінде осал топқа жататын мүмкіндігі шектеулі жандар да бар. Жалпы, қалада 53 620 мүгедек жан тұрады. Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектер оңалтудың техникалық көмекші құралдарымен (сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен, кресло-арбалармен, протездік-ортопедиялық көмекпен және т.б.), әлеуметтік қызметтермен (санаторий-курорттық сауықтырумен, жеке көмекшінің, «инватаксидің», ымдау тілі маманының қызметтерімен) тегін қамтамасыз етіледі. Жыл басынан бері оңалтудың техникалық көмекші құралдарымен 19 530 адам қамтамасыз етілді.

2021 жылдан бастап мүгедек адамдардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оңалту құралдарын өз бетінше таңдау мүмкіндігін беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске қосылған болатын. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін алып тастау арқылы оларды алу мерзімдері қысқартылады. Биыл 24 486 мүгедек адамды портал арқылы оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен («Инватакси» қызметінен басқа) қамтамасыз ету жоспарланған.

МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Алматы бюджетінің 47%-ы қалалықтардың әлеуметтік сұраныстарын шешуге жұмсалады



Жыл басынан бері «Инватакси» тасымал қызметінде 39 көлік жүріп тұр.

Мүгедек адамдарды әлеуметтендіру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында өткен жылдан бастап «TenQogam» мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» жобасы іске қосылды, онда мүгедек адамдарға ақпараттық-кеңестік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетіледі. Олардың қоғамнан тыс қалмауына, жұмысқа орналасуына жәрдемде-

седі және ортаға бейімдеу мақсатында тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларға үйретеді. Жоба нәтижесінде жыл басынан бері 600-ге жуық адам қызмет алған.

Мүгедектерге өз құқығын іске асыру бойынша тең мүмкіндіктер беру мақсатында мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде, ол объектілерді паспорттауды және бейімдеуді қамтиды. Биыл осы кезге дейін 205 нысан паспортталған.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

- 156 мыңнан астам алматылық әлеуметтік осал топқа жатады, оған 25,7 млрд. теңге бөлінген.
- Мүмкіндігі шектеулі жандар – 53 мыңнан асып жығылады.
- 24,7 мың мүгедек жан 4,9 млрд. теңгеге оңалтау құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілген.
- Әлеуметтік қызметтер үйінде: – 776 қызметтің түрі бар; – 39 мыңнан астам қызмет көрсетілді.
- Тұрақты тұрағы жоқ адамдарға арналған орталықтың құрылысы басталды (2022 жылдың соңында аяқталады).

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТУРИЗМ

АЛМАТЫ – ТУРИСТЕР ҚАЛАСЫ

Тау туризмі – шаһарды және оның төңірегін дамытудың маңызды бағыты

Алматының тауларына соңғы 4-5 жылда үзбей шығып жүрген тау құмар жастар Алатаудағы демалыстың өзгеше екенін жақсы біледі. Демалыс күндері таңғы сағат 6-да Медеуге барып, «бүгін бір ерте келдім ғой тауға» деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Таудан түсіп келе жатқан бір топ адамды көріп, талай таңқалғанбыз. Жасы да бар, кәрісі де бар, қолына таудың арнайы таяғын ұстап алған, көңілді кейіппен сізге бұрылып, тамаша күн тілеп, жаныңыздан өте шығады.



Әсел
ДАҒЖАН

«Кімасар» шатқалы, Алты-бакан, Фурманов шыңы, Горельник, Бутаковка сарқырамасы секілді тау бағыттары жастардың арасында өте танымал. «Тауға жиі шығып жүріп, мұрнымдағы гайморит жоғалып кетті, спортпен дос болып жүрмін» дегендерді де кездестірдік. Тауға топ болып шығып, оны қоқыстан тазартып, ерікті түрде өздері сенбілік ұйымдастырған қыз-келіншектер де барын білеміз.

Бастысы, тау туризмінің дамуына алматылықтар ғана емес, қала билігі де мүдделі. Өйткені, әкімдік 2021 жылы Алматыда туристер санын жылына 1 миллионға дейін арттыруды жоспарлаған болатын.

Неге тау туризмі десеңіз, пандемия басталғалы адамдар қаладан тауға, табиғатқа қарай «кашуды» жөн көре бастаған. Туған жерінің табиғатын зерттеп-білуге адамдарда құштарлық ояңған. Содан да болар, қала халқы қазір далаға, тауға қарай ұмтылып тұрады. Сол сұранысқа сәйкес, қала билігі тау туризмін жан-жақты дамытуда. Мәселен, таулы жерлерде 3 жыл ішінде 1000 шақырымнан астам таулы жаяу маршруттар цифрландырылса, олардың 500 шақырымға жуығы абаттандырылды. Алматыға келетін

туристер ағынын ұлғайту үшін қала билігі 28,6 миллион теңгеге шетелдік белгілі 40 блогерді де шақырған болатын.

ҚР 2019–2025 жылдарға ар-

Осы жылдың 7 айында туризм саласына салынған инвестициялар 56,8 млрд. теңгені құрап, өсім 2,4 есеге жеткен. Бұл қала инвестицияларының жалпы көлемінің 10%-ын құрайды. Биылғы жылдың 8 айында мегаполиске 235 мыңнан астам шетелдік жолаушы келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2 есеге көп. Бүгінде келушілердің бестен бір бөлігі және шетелдік туристердің 45%-ы Алматыға келеді. Бұл елге келген әрбір екінші турист – шетелдік турист деген сөз.

налған туристік саласын дамытудың ТОП-10 мемлекеттік бағдарламасы бойынша Алматы өңірінің тау кластерін дамыту қарастырылған. Тау туризмін дамыту аясында халықаралық қонақүйлердің санын арттыру да көзделген.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындыларымен бөлісті. Шаһар басшысы биыл 628 нөмірлі 3 қонақүй салынғанын айтты. Оларға 54,3 млрд. теңге инвестиция құйылған.

Бұдан басқа, тау туризмінің қауіпсіз инфрақұрылымын абаттандыру және құру жүргізілуде. Алматы тауларындағы Тұйық су шатқалында тікұшақ алаңының құрылысы жүргізілуде. Тау бағыттарының шалғай тораптық учаскелерінде спутниктік байланыс пен SOS дабыл түймелері бар 15 тау лашиқтары орнатылды. Екі арнайы бақылау-құтқару пункті дайындалған. Олар таулы жерлерде 16 адамнан тұратын құтқарушылардың тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, «Кімасар» шатқалында дабыл түймелерін бақылау жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылды. Бүгінде таулы жерлерде 1000 шақырымнан астам жаяу жүру бағыттары цифрландырылса, оның 500 шақырымы абаттандырылған. Олардың барлығы 2 GIS және ViewRanger платформаларында қолжетімді. Бұл бағыттарда QR кодтары бар стендтерді қоса алғанда, барлық қажетті ақпараттық деректер бар. Онда туристер бағыттардың күрделілігімен, оның ұзақ-

тығымен және жүру уақытымен таныса алады. Бұдан басқа, Үлкен және Кіші Алматы шатқалдарында ағымдағы жылдың соңына дейін жалпы ұзындығы 179 шақырым болатын тау бағыттарын абаттандыруды аяқтау жоспарлануда, сондай-ақ «Горельник», «Просвещенец», «Қызылсай», «Казачка» және «Лунная» алаңында 6 кемпинг аймағын құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

«2020 жылы туризм индустриясы коронавирус-тық пандемиядан зардап шеккен экономика салаларының бірі болды. Дегенмен, ішкі туристер саны 422 мың адамды құрады. 2021 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша Алматыдағы туристердің жалпы саны 501,4 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде шетелдік туристер – 54,2 мың, ішкі туристер – 447,2 мыңнан астам», – деді Б. Сағынтаев.

Біздегі тау туризмінің ең үлкен артықшылығы – қала таудың етегінде тұр. Алатауға күнде болмаса да, апта сайын шықсаңыз, тау – тегін спорт. Денсаулыққа тегін инвестиция. Бір рет таудың арнайы киімі мен аяқкиімі, таяғын алып, апта сайын тауға шықсаңыз, жақсы әдет қалыптастырумен қатар, ерік-жігеріңізді жанып, таудың күмістей таза ауасымен күш-қуат, ресурс жинап аласыз әрі бұл – өкпеге жақсы жаттығу. Ниет болса жетіп жатқандай.

Ұлжан НҰРЗАТҚЫЗЫ,
стюардесса:

Алатаудың сұлулығы ғажайып

Жұмыс бабымен қаншама шет мемлекетте боламын. Біз Алматының қадіріне жете алмай жүрміз. Алатаудың етегінде орналасқан қаланың пейзажы сұлу. Мегаполистің шуынан шаршаған сәтте тауға шығып кете аласыз. Жылдың 4 мезгілі де өз уақытында болады. 4 мезгілде 4 түрлі сұлулықты көріп жүрміз. Бұл бізге берілген үлкен ресурс дер едім. Бізге соны визиттік карточка қылуға болады. Кеше ғана құрбыммен Шымбұлаққа шығып қайттық. Шала буланып тұрған терезесін ашып, сыртқа қарағанда Алатаудың сұлулығына таңқалдық. Тоңып отырып басында байқамаппыз. Біз өзіміздегі бар сұлулықты өз деңгейінде көрсетуге күш салуымыз керек.





ДЕНСАУЛЫҚ



ҚАЛАНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚУАТЫ

Шаһардың денсаулық сақтау нысандары бойынша жабдықтау көрсеткіші 91,5%-ды құрайды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әлемді уысынан шығармай ұстаған коронавирус Алматының денсаулық сақтау саласы үшін де үлкен сынақ болғаны жасырын емес. Бірақ қала билігі тарапынан жедел қабылданып, жүйелі түрде атқарылған ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде індет біршама еңсеріліп, мегаполистің денсаулық сақтау мекемелері қалыпты ырғағына оралды.

Биыл №6 қалалық емхананы, сондай-ақ ауданаралық туберкулезге қарсы диспансерді күрделі жөндеу және сейсмикалық күшейту жұмыстарын аяқтау есебінен инфрақұрылымды күшейту міндеті орындалды.

Бүгінгі таңда шаһардың денсаулық сақтау нысандары бойынша жабдықтау көрсеткіші 91,5%-ды құрайды. Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жарақтандырылуы 100%-ға дейін жеткізілді.

Жедел медициналық жәрдем жұмысы жақсарды. 3 жаңа қосалқы станция салынды. Бригадалар саны екі есеге артты. Автопарк 70% жаңартылды.

Елдің ғылыми-медициналық әлеуетін шоғырландыру мақсатында Алматыда инфекциялық аурулардың көпбейінді ғылыми-зерттеу кешенінің, сондай-ақ, 3 емхана, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 модульдік КТ-орталығының құрылысы басталды.

Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының және №2 БЖКБ қосалқы корпустарының құрылысы, паллиативтік көмек орталығы бар жаңа онкологиялық орталықтың және Медеу ауданында көпбейінді стационардың құрылысы жүргізілуде.

250 төсек-орынды балаларды оңалту орталығын » қайта жаңарту және күрделі жөндеу жоспарлануда. Медицина кадрларының тапшылығын төмендету үшін биыл резиденттерді аса тапшы медициналық мамандықтар бойынша оқытуға 120 грант бөлінді. Медициналық колледжде оқуға 391 грант берілді. Алматы қаласының медициналық ұйымдарында 26 808 қызмет-



Медициналық жабдыктармен жарақтандырылу – 91,5%.

Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жабдыкталуы – 100%.

- Кейінгі екі жылда пандемияға қарамастан, 2 модульдік аурухана мен жұқпалы аурулар ауруханасының филиалы салынды.
- Қаланың 16 ірі стационарында оттегі станциялары орнатылды.
- Көріз суларын зарарсыздандыру және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жүйелері жаңғыртылды.



кер жұмыс істейді, оның ішінде 6343 дәрігер, 13 232 орта медициналық қызметкер, 3872 кіші медициналық персонал және басқа да персонал – 3361 адам. Сондай-ақ, КВИ дерті өршіген жағдайда инфекциялық стационарларда жұмыс істейтін медицина кадрларының резерві дайын.

Бұдан басқа, COVID-19 пандемиясына қарсы іс-қимыл шеңберінде жедел жәрдемді бағыттаудың жаңа моделін енгізу, негізгі клиникалық-диагностикалық бағыттар бойынша бас штаттан тыс мамандар институтын, қаланың барлық реанимация бөлімшесін бақылау үшін жедел ден қою реанимациялық тобын құру есебінен денсаулық сақтау жүйесінің жұмысы күшейтілді. Медициналық препараттар қорын қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектердің тұрақтандыру қоры, тәулік бойы жұмыс істейтін Пациенттерді бақылау орталығы мен Телемедицина орталығы жедел түрде құрылды.

Алматыдағы медициналық мекемелердің қуаты мықты. Мәселен, елдік деңгейде қызмет көрсететін Онкологиялық орталық заманауи медициналық құрылғылармен

жабдықталған. Бұл жылына 2,5 мыңнан астам операция жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, операциялардың 50%-дан астамы лапароскопиялық әдістермен жүзеге асады, яғни пациенттің жарақаты аз болады.

Скринингтің және онкологиялық науқастарды ерте диагностикалаудың, сондай-ақ емдеумен 100% қамтудың арқасында қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші 10,6%-ға төмендеген.

Мегаполистегі Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында жылына 150-ден аса күрделі операция жасалады. Жақында ғана жөндеуден өткен кардиохирургиялық бөлімшесіне 3D визуализациялаудың мүмкіндіктері бар заманауи торакоскопиялық тіреу қондырғысы орнатылған. Бұл жаңа аппаратура кеудені кеспей-ақ жүрек қақпақшаларына аз инвазивті операция жасауға және коронарлық шунттауды орындауға мүмкіндік береді.

Алматы төрінде еліміздегі тұңғыш томатерапия орталығы ашылды. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында ашылған мұндай бірегей орталық әлемнің небәрі 8 елінде ғана қолжетімді. Орталықтағы қатерлі ісік ауруын емдеуде сәулелік терапия жүргізетін құрылғының арқасында дертіне дауа іздеген науқастар енді елімізде де емделе алады. Мұнда күніне 100 адам, жылына 12 мыңға дейін адам қабылдау мүмкіндігі бар.

Жедел медициналық жәрдем жұмысы жақсарды:

- 3 жаңа қосалқы станция салынды;
- бригадалар саны 2 есеге артты;
- автопарк 70%-ға жаңартылды.

2021 жылы:

- 3 емхана, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулатория және 2 модульдік КТ-орталығының құрылысы басталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіткүл БАШЕНОВА,
№5 қалалық емхананың медбикесі:

– Алматымен жанымыз егіз болып кеткендей бүгінде. Кезінде арман қуып осы шаһарға келгенімізде, дәл бүгінгідей дәрежеге көтерілеміз деп ойламағанымыз рас. Алматы бізді бүгінде маман ретінде өсірді. Өспеуге қақымыз да жоқ. Себебі, қазір қала билігі қай салаға да барлық мүмкіндікті жасап отыр. Әсіресе, денсаулық саласына жылда басымдық беріледі. Соның нәтижесінде жыл сайын адами капитал сапасы артып келеді.

Елге ауыр тиген пандемия кезінде де менің әріптестерім мұқалған жоқ. Адам өмірі үшін 24 сағат жұмыс істедік. Ол еңбегіміз қала әкімінің тарапынан бағаланды да. Бүгінде біздің ғана емес, қаладағы барлық аурухана, емхананың материалдық-техникалық базасы қуатты. Заманауи аппараттармен жабдықталған. Сондықтан күрделі деген оталардың өзі өзімізде жасала береді. Ең бастысы – адамдардың денсаулығын қорғау жолында сапалы еңбек етіп жатырмыз.

Қайрат САТЫБАЙ,
зейнеткер:

– Алматы өзінің ежелгі келбетін жоғалтпай дамып, көрейіп келе жатқаны қуантады мені. Қазір биік-биік ғимараттар көптеп бой көтеруде. Заманауи тұрғын үй кешендері де сән түзеуде. Алматыдағы кейінгі жылдардағы жаңашылдықтардың бірі – жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің жанынан амбулаториялар, емханалар салынуда. Бұл тұрғындардың алысқа ұзап жатпай, күн жоғалтпай, денсаулығын уақытылы қадағалауына мүмкіндік береді. Яғни медициналық мекемелер де бүгінде қолжетімді. Шаһар басшылығына осы орайда алғыс білдіргім келеді.



«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

Биыл
Егемен ел болғанымызға –
30 жыл. Осы уақыттағы табыстарымыз
тәуелсіздіктің тал бесігі – Алматымен тығыз байла-
нысты. Тәуелсіздігіміз Алматыда жарияланды. Сондық-
тан бұл шаһардың тарихи рөлі айрықша. Қазір
Алматы – экономикамыздың басты қозғаушы күші.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

жобасында алматылықтардың қолтаңбасы бар

Алматыда «Бюджетке қатысу» жобасы сәтті жалғасуда. Аталған жоба шеңберінде екі жыл ішінде саябақтар, скверлер, аулаларды абаттандыру, қоғамдық орындарды жарықтандыру мен жөндеуге құны 7,3 млрд. теңге болатын 322 жоба (2020 жылы – 49 жоба, 2021 жылы – 273 жоба) жүзеге асырылды. Бұл жобадағы бюджеттің үлесі 5%-ды құрайды, бұл белгіленген ең төменгі көлемнен 10 есе көп.

Биыл 795 жобалық ұсыныс түсті, 448-і дауыс беруге жіберілді. Алматылықтар 28 576 дауыс берді, оның ішінде 27 463-і онлайн, ал 1113-і қағаз түрінде. Осылайша «Бюджетке қатысу» аясында 2021 жылы 343 жоба іске асырылуда.

Қала тұрғындарының ең көп дауыс жинаған жобалары қатарында: Бостандық ауданында №3 Оқушылар үйінің аумағын абаттандыру (458), Алатау ауданында «Атлеттер қалашығы» ТК аумағын абаттандыру (424), Алмалы ауданында Шевченко көшесі, 167 мекенжайындағы ауланы жаңарту және көгалдандыру (387), Медеу ауданында №168 мектепке өту үшін Әбілғазы өзені арқылы жаяу жүргіншілер көпірі мен пандусы бар баспалдақ салу (349), Түрксіб ауданында «Қазақстан жастарына патриоттық тәлім беру» тақырыбына мурал салу (325), Әуезов ауданындағы «Мамыр-1» ықшамауданында балалар ойын алаңын күрделі жөндеу (147), Наурызбай ауданындағы «Тастыбұлақ» ықшамауданында жол бойында жабық арық жүйесін орнату (132), Жетісу ауданындағы «Көкжиек» ықшамауданында Жекпе-жек орталығын ашу (112) бар.

■ **АЛМАЛЫ АУДАНЫ** бойынша «Бюджетке қатысу» жобасы аясында 54 жоба жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда қалған жобалар бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2022 жылы аудан тұрғындарының қатысуымен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға 2,5 млрд. теңге бөлінді.

■ **АЛАТАУ АУДАНЫ** аумағында биыл 31 жоба қолға алынған болатын. Мәселен, «Шанырақ» ықшамауданында тұрғындардың бастамасымен «Бюджетке қатысу» жобасы шеңберінде Құрман бабаның кесенесі қайта жаңартылып, сол жерге үлкен ескерткіш қойылып, кесене орнатылды.

«Бюджетке қатысу» жобасы Алатау ауданында келер жылы да жалғасын табатын болады. Нақтырақ айтсақ, 2022 жылға 173 жоба ұсынылып отыр.

■ **ӘУЕЗОВ АУДАНЫ** бойынша 22 жоба мақұлданды.

Бүгінде осы жоба арқылы салынған іргелі «Достық» алаңымен мақтана алады. Оны салуға бюджеттен 67 млн. теңге бөлінген.

Бұл спорт алаңының қосымша аумағында волейбол, жекпе-жек, баскетбол, Workout және балалар алаңдары орналасқан.

■ **БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ** бойынша «Бюджетке қатысу» шеңберінде 22 жоба жүзеге асырылды. Ал келер жылы 21 жобаны іске асыру көзделіп отыр.

■ **ЖЕТІСУ АУДАНЫ** бойынша «Бюджетке қатысу» жобасы шеңберінде жергілікті тұрғындардың 18 ұсынысы жүзеге асырылып жатыр.

Осы бағдарлама аясында 2021 жылы 7 қоғамдық кеңістік жөндеуден өтті. 101 мекенжай бойынша балалар және спорт алаңдарына ағымдағы жөндеу жүргізілді, сондай-ақ тұрғындардың көптеген өтініші бойынша жеке секторда 11 алаң салынды.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

